



Қазақстан Ұлттық Банкінің

# Хабаршысы

- 1 Баспасөз релиздері
- 4 Шетел валюталарының ресми бағамдары
- 5 Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі
- 13 Нормативтік құқықтық актілер

«Қазақстан Ұлттық Банкінің хабаршысы»,

Редакторы:

Ақышев Д.Т. – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;

Редактордың орынбасары:

Терентьев А. Л. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің директоры;

Кеңес мүшелері:

Орлов П.Е. – Зерттеу және статистика департаментінің кәсіпорындар мониторингі басқармасының бастығы;

Дюгай Н. Н. – Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінің директоры;

Нәжімеденова С.Ж. – Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаментінің аударма және мемлекеттік тілді ендіру басқармасының бастығы;

шығарылым үшін жауапты:

Жетібаева М.Б. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің қоғамдық байланыстар басқармасының сарапшысы.

Құрылтайшы – Қазақстан Ұлттық Банкі

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде 1997 ж. 24.02.  
№ 432 тіркелген

Қазақстан Ұлттық Банкі

1995 жылдан бастап шығарылады

*«Caspian Media Group» ЖШС*  
*050044, Алматы қ.,*  
*Жібек Жолы даңғылы, 50*  
*Тел.: +7(727) 334 15 26 (27)*

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## №44 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ 2012 жылғы 22 қараша

### *Кредит нарығын дамытудың сапалық өлшемдері туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2012 жылғы қазанда банктерге кейіннен банктердің менеджерлерімен сұхбат жүргізе отырып, сауалнама жүргізу нысанында «Кредит нарығының жағдайы және өлшемдерінің болжамы» кезекті тоқсан сайынғы зерттеуін жүргізді. Банктер ұсынған нәтижелер кредит нарығының мынадай сапалық үрдістерін көрсетеді.

**Корпоративтік кредиттеу сегментінде** 2012 жылғы 3-тоқсанда банктердің жартысынан көбі қаржылық емес ұйымдар тарапынан кредиттік ресурстарға деген сұранысының ұлғайғанын атап өтеді, атап айтқанда айналым қаражатын толықтыруға арналған қысқа мерзімді қарыздар айтарлықтай сұранысқа ие. Сыртқы нарықтарда ұзақ мерзімді кредиттеудің шектеулі және белгісіз болуына байланысты негізі құрал-жабдықтарды қаржыландыру көбіне кәсіпорындардың меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

**2012 жылғы 4-тоқсанда** банктер кредиттерге деген сұраныстың өсу қарқынының одан әрі төмендеуін, бәсекелестіктің күшейетінін, соның салдарынан банктердің корпоративтік секторды кредиттеуінің мерзімдер, сомалар және пайыздық мөлшерлемелер бойынша талаптарының жұмсартынын болжайды. Сонымен қатар банктер өтінімдерді қарау мерзімдерінің қысқаруы есебінен клиенттерге қызмет көрсету сапасын көтеру және тәуекелдерді басқару жүйесін жақсарту жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады. Бұдан басқа кейбір банктер түрлі акциялар жүргізуді, шағын және орта бизнес секторында кредиттік портфельді өсіру үшін жаңа әдістемелер мен технологияларды ендіруді жалғастыратын болады.

**Бөлшек кредиттеу сегментінде** жеке тұлғалар тарапынан сұраныс тұрақты өсуде. Банктердің 69%-ы тұтыну кредиттеріне сұраныстың ұлғайғандығын атап өтті, кредиттеудің осы сегментінде сұраныстың бұрынғы деңгейде сақталуын бағалаған респонденттердің үлесі 21% сәл артық болды. Сондай-ақ ипотекалық қарыздарға сұраныстың ұлғаюын небәрі 34% банктер атап өтті, 50% сәл артық респонденттердің пікірі бойынша сұраныс бұрынғы деңгейде қалды.

Банктер өздерінің кредиттік бағдарламаларының тартымдылығын арттыру мақсатында кредиттік өтінімдерді қарау уақытын қысқартуды, кредиттеу сомасы мен мерзімін ұлғайтуды, бастапқы жарнаның шамасын төмендетуді және кредитті ресімдеу, беру және қызмет көрсету кезінде сервистің деңгейін арттыруды жалғастыруда.

**2012 жылғы 4-тоқсанда** сақталып отырған бәсекелестік қысым аясында банктер ағымдағы қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асыруды жалғастыратын болады. Көрсетілетін қызметтің сапасы мен жылдамдығына, азық-түлік түрлерінің кеңеюіне және кредит саясатын жұмсарту мүмкіндігіне баса назар аударылатын болады.

**Проблемалық қарыздардың кредиттік портфельдегі үлесі әлі де жоғары деңгейде қалып отыр.** Банктердің 8%-ға жуығы несие портфелі сапасының аздап жақсарғанын күтуде, респонденттердің 86%-ға жуығы сапаның өзгеріссіз қалатынын болжайды және банктердің тек 5%-ы ғана несие портфелінің сапасы шамалы нашарлайды деп санайды.

2012 жылғы 3-тоқсанда жүргізілген зерттеудің нәтижелері туралы неғұрлым жан-жақты ақпарат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында<sup>1</sup> «Қаржылық тұрақтылық» бөлімінде орналастырылған.

<sup>1</sup> [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№45 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ  
2012 жылғы 23 қараша

## «Шығыс күнтізбесі» монеталар сериясынан «Жылан жылы» ескерткіш монеталарын айналысқа шығару туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2012 жылғы 23 қарашадан бастап «Шығыс күнтізбесі» монеталар сериясынан «proof» сапасымен номиналы 500 теңгелік «Жылан жылы» ескерткіш алтын және күміс монеталарын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«Жылан жылы» монеталары он екі қырлы нысанда жасалған. Күмістен және алтыннан жасалған екі монетаның бет және сырт жағындағы суреттері бірдей.

Монеталардың бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде аспан әлеміндегі жұлдыздар картасында жұлдыздар шоғырының мифтік символдары бейнеленген және монета дайындалған металды, оның сынамы мен массасын (күмістен жасалған монетада - «Ag 925 31,1 g», алтыннан жасалған монетада – «Au 999 7,78 g») білдіретін жазу бейнеленген. Монетаны айналдыра жалпақ күңгірт жиек жүргізілген, оның үстіне – монетаның номиналын білдіретін «500 ТЕҢГЕ» деген ойып жазылған қаусырма бар, мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ», ағылшын тілінде «REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазу және күннің стильдендірілген бейнесі.

Монеталардың сырт жағында (реверсінде) орталық бөлікте шығыс күнтізбесі бойынша 2013 жылдың символы – жылан бейнеленген және Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі орналасқан. Монетаны айналдыра жалпақ күңгірт жиек жүргізілген, оның үстіне - монетаның соғылған жылын білдіретін «2013» ойып жазылған қаусырма бар, мемлекеттік тілде «ШЫҒЫС КҮНТІЗБЕСІ», орыс тілінде «ВОСТОЧНЫЙ КАЛЕНДАРЬ» және ағылшын тілінде «ORIENTAL CALENDAR» деген сөздер ойып жазылған. Күңгірт жиектің ішкі жағына шығыс күнтізбесінің қалған он бір символы орналасқан.

Монеталардың бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерлі.



Ескерткіш монеталар:

1) 999 сынамды алтыннан жасалған, массасы – 7,78 грамм, сипатталған шеңберінің диаметрі – 21,87 мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы – 3 мың дана, қыры (гурты) тегіс, бедерсіз және жазусыз;

2) 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 31,1 грамм, сипатталған шеңберінің диаметрі – 38,61мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы - 5 мың дана, қыры (гурты) тегіс, бедерсіз және жазусыз.

Номиналы 500 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

### Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің түсініктемесі

«Жылан жылы» ескерткіш күміс және алтын монеталары «Шығыс күнтізбесі» монеталар сериясын жалғастыратын үшінші монеталар. 2013 жылғы 10 ақпанда шығыс күнтізбесі бойынша Жылан жылы кіреді.

Ескерткіш монеталарды «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі №1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес өзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында, Алматы қаласында мына мекенжай бойынша сатып алуға болады: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны (727) 273-83-98.

Барынша жан-жақты ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39, +7 (727) 330-24-52;  
E-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz), [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## №46 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ 2012 жылғы 23 қараша

### **«Көшпенділер алтыны» монеталар сериясынан «Бұлан. Бастырма» ескерткіш монетасын айналысқа шығару туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2012 жылғы 23 қарашадан бастап «Көшпенділер алтыны» монеталар сериясынан «proof» сапасымен номиналы 500 теңгелік «Бұлан. Бастырма» ескерткіш күміс монетасын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

**«Бұлан. Бастырма»** монетасы он екі қырлы нысанда жасалған. Монетаның бет жағында (аверсінде) оң жақ бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «500 ТЕҢГЕ» деген жазу екі жолға, Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі, монета дайындалған металды, оның сынамын және массасын білдіретін «Ag 925 31,1 gr.» деген жазу орналастырылған. Сол жақ бөлігінде төрт салт атты бейнеленген. Монетаның периметрі бойынша күңгірт жалпақ жиек жүргізілген, онда айналдыра мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» және ағылшын тілінде «REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазулар ойып жазылған. Жазулар нүктелермен бөлінген.

Монетаның сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде жатқан бұлан түрінде жасалған қанжар қынының үстіне алтын жалатылған бастырма бейнеленген. Жоғарғы жағында спиральдың геральдикалық бейнесі. Айналдыра мемлекеттік тілде «БҰЛАН. БАСТЫРМА» және ағылшын тілінде «ELK.PLAQUE» деген жазу жазылған. Монетаның периметрі бойынша күңгірт жалпақ жиек жүргізілген, онда айналдыра мемлекеттік тілде «КӨШПЕНДІЛЕР АЛТЫНЫ» деген жазу, соғылған жылын білдіретін «2012» деген сан және ағылшын тілінде «THE GOLD OF NOMADS» деген жазу ойып жазылған. Жазулар және сан нүктелермен бөлінген.

Монетаның бет жағындағы және сырт жағындағы бейнелер және жазбалар бедерленген.

Қыры (гурты) тегіс, бедерленбеген және жазбалар жоқ.



Монета 925 сынамды күмістен жасалған, массасы 31,1 грамм, сипатталған шеңбердің диаметрі – 38,61 мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы – 5 мың дана.

Номиналы 500 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

#### **Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің түсініктемесі**

**«Бұлан. Бастырма»** ескерткіш күміс монетасы дизайнында Қазақстан аумағындағы археологиялық қазбалар кезінде табылған алтын бұйымдардың бейнелері пайдаланылатын серияның тоғызыншы монетасы болып табылады. Монета бетіне алтын жалату технологиясын қолдана отырып дайындалған.

Бұлан. Қанжардың қынындағы бастырма. Мөртабан, 15,7 x 4,1 см ойма. Есік қорғаны. Б.э. дейінгі V – IV ғғ.

Ескерткіш монеталарды «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі №1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында, Алматы қаласында мына мекенжай бойынша сатып алуға болады: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны (727) 273-83-98.

Барынша жан-жақты ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39, +7 (727) 330-24-52;  
E-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz), [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)

2012 жылғы шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары


	16.11	17-19.11	20.11	21.11	22.11	23.11	24-26.11	27.11	28.11	29.11	30.11	қараша
Австралия доллары	AUD	155,71	155,41	156,15	156,20	155,78	155,95	156,89	157,27	157,29	157,50	156,61
Ағылшын фунт стерл.	GBP	238,23	238,72	239,32	238,91	238,88	239,18	240,30	240,57	240,68	241,00	240,36
Белорусь рублі	BYR	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02
Венгер форинті	HUF	0,67	0,67	0,68	0,68	0,68	0,69	0,69	0,69	0,69	0,70	0,68
Дат кронасы	DKK	25,71	25,69	25,79	25,76	25,73	25,93	26,08	26,12	26,08	26,18	25,90
Дихрам БАӘ	AED	40,93	40,92	40,96	40,91	40,89	40,86	40,88	40,87	40,94	40,98	40,98
АҚШ доллары	USD	150,33	150,30	150,46	150,25	150,19	150,07	150,15	150,12	150,37	150,52	150,52
Еуро	EUR	191,70	191,59	192,29	192,08	191,79	193,32	194,46	194,75	194,44	195,25	193,11
Канада доллары	CAD	150,06	150,21	150,55	150,67	150,63	150,49	151,19	151,25	151,41	151,81	150,99
Қытай юаны	CNY	24,12	24,10	24,13	24,11	24,11	24,10	24,12	24,13	24,15	24,17	24,15
Кувейт динары	KWD	532,90	532,79	533,55	532,99	532,78	531,97	533,58	533,48	534,17	534,90	534,39
Қырғыз сомы	KGS	3,18	3,18	3,18	3,18	3,17	3,17	3,17	3,17	3,18	3,19	3,18
Латвия латы	LVL	275,63	275,43	276,43	276,25	275,78	277,96	279,50	279,97	279,45	280,61	277,61
Литва литі	LTL	55,54	55,50	55,72	55,65	55,57	56,00	56,34	56,43	56,33	56,57	55,95
Молдова лейі	MDL	12,25	12,25	12,25	12,24	12,22	12,15	12,17	12,15	12,16	12,22	12,24
Норвег кронасы	NOK	26,08	26,06	26,08	26,16	26,15	26,39	26,48	26,57	26,40	26,62	26,31
Польша злотыйы	PLN	46,01	46,11	46,34	46,47	46,53	46,95	47,29	47,53	47,40	47,70	46,73
Сауд Аравиясының риялы	SAR	40,09	40,08	40,12	40,07	40,05	40,02	40,04	40,03	40,10	40,14	40,14
Ресей рублі	RUB	4,75	4,74	4,77	4,79	4,79	4,82	4,84	4,84	4,83	4,86	4,80
СДР	XDR	229,44	229,20	229,27	229,27	229,39	228,93	229,05	230,23	230,56	230,37	230,18
Сингапур доллары	SGD	122,79	122,45	122,80	122,70	122,54	122,54	122,79	122,87	123,02	123,32	123,05
Тәжік сомониі	TJS	31,59	31,58	31,62	31,57	31,56	31,54	31,55	31,55	31,60	31,63	31,63
1 түрік лирі	TRY	83,50	83,55	83,51	83,43	83,59	83,46	83,72	83,77	83,87	84,28	83,95
Өзбек сумы	UZS	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08
Украин гривнасы	UAH	18,33	18,31	18,45	18,42	18,41	18,42	18,42	18,47	18,41	18,38	18,43
Чех кронасы	CZK	7,55	7,50	7,54	7,56	7,57	7,61	7,68	7,71	7,69	7,73	7,62
Швед кронасы	SEK	22,20	22,19	22,22	22,29	22,17	22,51	22,62	22,67	22,51	22,70	22,45
Швейцар франкі	CHF	159,20	159,13	159,55	159,42	159,27	160,34	161,54	161,70	161,58	162,22	160,25
Оңтүстік Африка рандысы	ZAR	16,90	16,92	17,01	16,93	16,91	16,81	16,97	16,98	17,00	17,17	17,14
100 оңтүстік корей воны	KRW	13,83	13,77	13,85	13,88	13,88	13,82	13,84	13,86	13,84	13,89	13,84
1 жапон йенасы	JPY	1,86	1,86	1,85	1,85	1,83	1,83	1,83	1,83	1,84	1,83	1,86

## ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

### 1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

	Кезең соңындағы ресми бағам	Кезеңдегі орташа алынған биржалық бағам, кезең үшін		Қазақстан қор биржасының сауда-саттық көлемі
	USD/KZT	USD/KZT	%*	млн. \$
<b>01.11-09.11</b>	<b>150.86</b>	<b>150.84</b>	<b>0,17</b>	<b>1300.20</b>
<b>12.11-16.11</b>	<b>150.33</b>	<b>150.53</b>	<b>-0.21</b>	<b>1352.65</b>
<b>19.11-23.11</b>	<b>150,09</b>	<b>150,17</b>	<b>-0,23</b>	<b>1 667,75</b>
19.11.2012	150,30	150,46	0,11	203,35
20.11.2012	150,46	150,25	-0,14	293,10
21.11.2012	150,25	150,19	-0,04	268,50
22.11.2012	150,19	150,09	-0,07	412,00
23.11.2012	150,09	150,07	-0,01	490,80
<b>26.11-30.11</b>	<b>150,52</b>	<b>150,30</b>	<b>0,08</b>	<b>1 221,75</b>
26.11.2012	150,07	150,15	0,05	350,25
27.11.2012	150,15	150,12	-0,02	285,15
28.11.2012	150,12	150,37	0,17	181,20
29.11.2012	150,37	150,52	0,10	250,45
30.11.2012	150,52	150,52	0,00	154,70

\* - өткен кезеңге өзгерістер.




## 2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

### Мемлекеттік бағалы қағаздардың алғашқы нарығы

	сұраныстың ұсыныстан артуы, есе	сұраныстың қанағаттандырылуы, %	кезеңдегі орташа тиімді түсімділік, %	қанағаттандырылған сұраныс көлемі млрд. теңге
<b>Қаржы министрлігінің МБҚ</b>				
24.09-28.09	0.9	93.3	6.09	12.8
01.10-05.10	0.6	56.8	6.09	4.6
08.10-12.10	0.2	90.2	5.58	3.3
15.10-19.10	1.3	79.0	6.01	10.4
22.10-31.10	0.3	90.6	6.50	4.8
01.11-09.11	0.6	100	2.50	9.8
12.11-16.11	2.1	27.1	4.06	4.6
19.11-23.11	1.3	22.4	5.75	2.1
26.11-30.11	0.5	50.6	5.58	2.6
<b>Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары</b>				
24.09-28.09	0.21	100	1.82	12.5
01.10-05.10	0.22	100	1.05	23.3
08.10-12.10	-	-	-	-
15.10-19.10	-	-	-	-
22.10-31.10	-	-	-	-
01.11-09.11	0.25	99.7	1.05	12.4
12.11-16.11	-	-	-	-
19.11-23.11	-	-	-	-
26.11-30.11	-	-	-	-

### Теңгемен номинирленген МБҚ нарығы



### Айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)


	Көлемі млн. теңге				
	Барлығы	оның ішінде Қаржы министрлігінің МБҚ			оның ішінде ҚҰБ ноттары
		ұзақ мерзімді	орташа мерзімді	қысқа мерзімді	
14.09.12	2 889 002,41	1 897 781,64	509 457,9	79 410,87	402 352,00
21.09.12	2 900 413,31	1 909 181,64	509 468,8	79 410,87	402 352,00
28.09.12	2 961 316,78	1 952 031,64	514 967,79	79 410,87	414 906,48
05.10.12	2 933 583,93	1 956 631,64	521 362,66	85 266,93	370 322,70
12.10.12	2 985 472,60	2 022 115,67	527 714,27	85 266,93	350 375,73
19.10.12	2 987 989,33	2 036 264,46	527 679,01	87 210,96	336 834,90
31.10.12	3 002 754,19	2 049 747,69	547 322,6	79 993,36	325 690,54
09.11.12	3 010 280,63	2 083 733,02	558 493,93	89 810,47	278 243,21
16.11.12	3 013 609,34	2 089 984,83	570 772,17	89 810,47	263 041,87
23.11.12	3 008 005,43	2 094 015,20	561 137,75	89 810,47	263 041,87
30.11.12	3 112 600,37	2 197 304,71	562 443,27	89 810,47	263 041,87



### 3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ

	2003 ж. шығарылым
Шығару кезіндегі кірістілік	7,637
26.11.2012	2,115
27.11.2012	2,172
28.11.2012	3,104
29.11.2012	4,247
30.11.2012	4,290
эмиссия басынан бері	-3,347
апта үшін	2,175


Қазақстандық еуроноттардың кірістілік динамикасы, %




#### 4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

	БААЖ			БТЖ		
	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі, %	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі, %
19.11-23.11	322,6	4 194,9	50,5	491,9	98,5	10,5
26.11-30.11	250,9	3 953,0	-5,8	452,0	102,0	3,6

##### Банкаралық ақша аудару жүйесі




##### Бөлшек төлемдер жүйесі



## 5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ


Биржа	Индекс	Тармақтардағы мәні		Өзгеруі	
		23.11.2012	30.11.2012	кезең үшін	2001ж. желтоқсаннан бастап
АҚШ	Dow Jones	13 009,68	13 025,58	0,12%	28,50%
Жапония	Nikkei 225	9 366,80	9 446,01	0,85%	-10,40%
Германия	DAX	7 309,13	7 405,50	1,32%	43,51%
Ұлыбритания	FTSE	5 819,14	5 866,82	0,82%	12,85%
Гонконг	Hang Seng	21 913,98	22 030,39	0,53%	92,72%

**Dow Jones және Nikkei 225 индекстерінің динамикасы**




Бағамы	Мәні		Өзгеруі	
	23.11.2012	30.11.2012	кезең үшін	2001 ж. желтоқсаннан бастап
USD/JPY	82,39	82,47	0,10%	-37,10%
GBP/USD	1,6030	1,6013	-0,11%	10,34%
EUR/USD	1,2972	1,2968	-0,03%	46,45%
USD/RUR	31,15	31,06	-0,31%	1,84%

**Еуро және жапон йенасының АҚШ долларына қатынасы бойынша бағамдары**



Тауарлар	Өлшем бірлігі	Бағасы, АҚШ долл.		Өзгеруі	
		23.11.2012	30.11.2012	кезең үшін	2011 жылғы жел. бастап.
алтын	тр.ун.	1753,0	1714,8	-2,18%	519,84%
мыс	метр.тонна	7 761,5	7 978,8	2,80%	446,32%
мырыш	метр.тонна	1 941,5	2 029,3	4,52%	163,03%
мұнай	баррель	112,35	112,01	-0,30%	451,77%
астық	тонна	310,48	308,64	-0,59%	206,01%

Алтын мен мұнайдың бағасы, АҚШ долл.




## 6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

Екінші деңгейдегі банктердің банкаралық қысқа мерзімді депозиттері бойынша мәліметтер

	Резидент банктер				Резидент емес банктер			
	1 айға дейін		1 айдан астам		1 айға дейін		1 айдан астам	
	Орналас- тырылған депо- зиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшерле- месі (%)	Орналас- тырылған депо- зиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшерле- месі (%)	Орналас- тырылған депо- зиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшерле- месі (%)	Орналас- тырылған депо- зиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшерле- месі (%)
<b>01.10.12-05.10.12</b>								
KZT	44 900 000	0,85	1 100 000	1,00	0	0	0	0,00
USD	3 000	0,40	0	0,00	1 904 757	0,10	60 000	1,75
EURO	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	1 530 000	5,51	0	0,00
<b>08.10.12-12.10.12</b>								
KZT	36 100 000	0,81	1 100 000	1,00	0	0	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	874 491	0,09	32 444	1,01
EURO	0	0,00	0	0,00	32 000	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	1 483 000	5,78	0	0,00
<b>15.10.12-19.10.12</b>								
KZT	34 750 000	0,80	800 000	4,75	0	0	0	0,00
USD	10 000	0,60	500	4,93	1 096 096	0,06	17 588	3,17
EURO	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	1 494 000	5,74	0	0,00
<b>22.10.12-26.10.12</b>								
KZT	15 100 000	0,80	3 750 000	1,08	120 000	4	0	0,00
USD	87 000	0,50	0	0,00	775 742	0,06	91 321	0,26
EURO	3 000	0,30	0	0,00	3 000	0,31	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	1 392 000	5,86	0	0,00

\*- мың. валюта бірлігі.


Банкаралық ақша нарығындағы теңгелік депозиттер және олар бойынша кірістілік деңгейі



**Биржадан тыс банкаралық валюталық операциялар (сату)**

Кезеңдер, валютаның түрлері	Мәмілелердің жалпы көлемі (мың валюта бірлігі)	оның ішінде резидент банктер		Орташа алынған мәміле бағамы, бір валюта үшін теңгемен	оның ішінде: валютаның түрлері
		(мың бірлік валюта)	бір валюта үшін теңгемен		
01.10.12-05.10.12					
USD	216 349	117 564	54,3	150,21	150,19
RUB	36 730	21 200	57,7	4,83	4,83
EUR	15 924	15 924	100,0	193,78	193,78
05.10.12-12.10.12					
USD	192 135	108 626	56,5	150,48	150,51
RUB	85 242	73 850	86,6	4,84	4,84
EUR	6 050	6 050	100,0	194,30	194,30
15.10.12-19.10.12					
USD	572 338	323 523	56,5	150,33	150,36
RUB	76 026	58 200	76,6	4,87	4,87
EUR	10 212	10 212	100,0	196,47	196,47
22.10.12-26.10.12					
USD	372 844	305 325	81,9	150,45	150,44
RUB	66 224	55 700	84,1	4,84	4,84
EUR	6 925	6 745	97,4	196,04	196,06

\* резидент банктердің мәмілелерінің мәмілелердің жалпы көлеміне үлес салмағы.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қ.

2012 жылғы 27 шілде

№224

**Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе)  
дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есептерді ұсыну  
қағидаларын бекіту туралы**

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есептерді ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

---

*Қазақстан Республикасы Статистика агенттігімен 2012 жылғы 16 тамызда келісілді  
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылғы 7 қыркүйекте №7908 тіркелген*

**Күші жойылды деп танылатын Қазақстан Республикасының  
нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы» 2002 жылғы 18 желтоқсандағы №486 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №2124 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы» 2002 жылғы 18 желтоқсандағы №486 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» 2003 жылғы 29 мамырдағы №162 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №2384 тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Бағалы қағаздар рыногында брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық есеп беру тізбесі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы нұсқаулықты бекіту туралы және Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының «Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының есеп беру тәртібі туралы» нұсқаулықты бекіту жөнінде» 1996 жылғы 22 қазандағы №118 қаулысына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы» 2002 жылғы 18 желтоқсандағы №486 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі №116 және 2004 жылғы 12 сәуірдегі №55 біріккен қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №2854 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2009 жылғы мамырда №117-118 (24427-24428) жарияланған).

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының есеп беруін реттейтін кейбір нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2005 жылғы 28 мамырдағы №164 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3706 тіркелген).

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының есеп беруін реттейтін кейбір нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2005 жылғы 26 қарашадағы №415 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3988 тіркелген).

6. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінде құжаттарды ұсыну мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық кесімдерге толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2007 жылғы 30 наурыздағы №76 қаулысының Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінде құжаттарды ұсыну мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық кесімдеріне енгізілетін толықтырулар мен өзгерістер тізбесінің 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4670 тіркелген).

7. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 25 маусымдағы №173 қаулысының Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінде құжаттарды ұсыну мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық кесімдеріне енгізілетін толықтырулар мен өзгерістер тізбесінің 2) тармақшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4848 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2007 жылғы қыркүйекте №135 (1338) жарияланған).

8. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы» 2002 жылғы 18 желтоқсандағы №486 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 29 қазандағы №166 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5402 тіркелген).

9. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы» 2002 жылғы 18 желтоқсандағы №486 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 26 қаңтардағы №6 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5569 тіркелген).

10. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы» 2002 жылғы 18 желтоқсандағы №486 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 26 мамырдағы №101 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5705 тіркелген).

11. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 2 қарашадағы №230 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5879 тіркелген).



12. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 1 ақпандағы №9 қаулысының Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығының мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың тізбесінің 1-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6099 тіркелген).

13. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 29 наурыздағы №50 қаулысының Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесінің 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6219 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқару және өзге орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында №14, «Егемен Қазақстан» газетінде 2010 жылғы қыркүйекте №253-254 (26314-26315) жарияланған).

14. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы» 2002 жылғы 18 желтоқсандағы №486 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 30 сәуірдегі №60 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6286 тіркелген).

15. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 18 желтоқсандағы №486 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 3 қыркүйекте №122 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6539 тіркелген).

**Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есептерді ұсыну қағидалары**

Осы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есептерді ұсыну қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі, «Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне (бұдан әрі - уәкілетті орган) бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдардың есептерді ұсыну тәртібін, нысанын және мерзімдерін айқындайды.

1. Осы Қағидалардың мақсатында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) басшы - Ұйымның атқарушы органының бірінші басшысы болып табылатын тұлға немесе Қағидаларда көзделген есептерге қол қоюға құқығы бар Ұйымның атқарушы органының мүшесі болып табылатын тұлға;

2) Ұйым - Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйым.

2. Қағидалар барлық Ұйымдарға, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметі қаржы нарығындағы қызметтің басқа түрімен қоса атқаратын Ұйымға қолданылады.

3. Ұйымдар уәкілетті органға есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ай сайын Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18.00-ден кешіктірмей - Қағидалардың 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес жасалған есептердің нысандарын қамтитын есептілігін электрондық нысанда ұсынады.

4. Ұйымдар уәкілетті органға есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18.00-ден - Қағидалардың 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-қосымшаларына сәйкес жасалған есептердің нысандарын қамтитын есептілігін электрондық нысанда ұсынады.

5. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорлары және бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар уәкілетті органға Қағидалардың 3, 6, 8, 9, 10, 11-қосымшаларына сәйкес жасалған есептердің нысандарын қамтитын есептілігін ұсынбайды.

6. Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар екінші деңгейдегі банктер Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес жасалған есепті уәкілетті органға ұсынбайды.

7. Номиналды ұстаушы ретінде шоттарды жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымдар уәкілетті органға есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18.00-ден - Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес жасалған есепті электрондық нысанда қосымша ұсынады.

8. Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған ұйымдар уәкілетті органға есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18.00-ден - Қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес жасалған есепті электрондық нысанда қосымша ұсынады.

9. Ұйым электрондық нысанда жасалған есептілікті ұсынылатын электрондық тасымалдауышта деректердің конфиденциалдылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпаратты кепілдік бере отырып жеткізудің тасымалдау жүйесін пайдалана отырып жібереді.

10. Қағаз тасымалдауыштағы есептілікке басшысы (ол болмаған кезде - оның орнындағы адам), бас бухгалтер (ол болмаған кезде - оның орнындағы адам) және орындаушысы қол қояды, мөрімен куәландырады және Ұйымда сақталады. Уәкілетті органның талабы бойынша Ұйым уәкілетті органға сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс күннен кешіктірмей есептілікті қағаз тасымалдауышта ұсынады.

11. Электрондық тасымалдауышта ұсынылатын деректердің уәкілетті органның талабы бойынша қағаз тасымалдауышта ұсынылған деректерге сәйкестігін Ұйымның басшысы (ол болмаған кезде - оның орнындағы адам) және бас бухгалтер (ол болмаған кезде - оның орнындағы адам) қамтамасыз етеді.

12. Ұсынылатын есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген кезде Ұйым есептілікті ұсынған күннен бастап үш жұмыс күн ішінде уәкілетті органға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу себептерін түсіндіре отырып жазбаша етініш береді.

13. Ұйым ұсынған есептіліктен толық емес және (немесе) шынайы емес ақпарат анықталған кезде, уәкілетті орган толық емес және (немесе) дәйексіз емес ақпаратты анықтаған күннен бастап бес күнтізбелік күннен кешіктірмейтін мерзімде бұл туралы Ұйымға жазбаша хабарлайды. Уәкілетті органның ескертулерін ескере отырып пысықталған есептілікті уәкілетті органның хабарламасын алған күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей ұсынады.

14. Ұйымның есептерін қараған кезде уәкілетті орган Ұйымнан есептерде көрсетілген ақпаратты тексеру үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды жазбаша сұратады.

Нысан

\_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейінгі кезеңде  
**(Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымның атауы) Қазақстан Республикасының ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен жасалған (тіркелген) мәмілелер (операциялар) туралы есеп**

№	Мәмілені жасаған (операцияны жүргізген) <sup>1</sup> күні	Қаржы құралының түрі	Қаржы құралының сәйкестендіру нөмірі <sup>2</sup>	Эмитенттің атауы <sup>3</sup>	Қаржы құралдарының саны <sup>4</sup>	Бір қаржы құралының бағасы <sup>5</sup>	Мәміленің көлемі теңгеде <sup>6</sup>	Сатып алушы <sup>7</sup>	Сатушы <sup>7</sup>
Жиынтығы									

*кестенің жалғасы*

Мәмілеге (операцияға) кім ретінде қатысты				Орналастыру <sup>11</sup>	Клиенттік тапсырысы тіркелген нөмірі, күні және уақыты <sup>12</sup>	Ескерту
Андеррайтер <sup>8</sup>	Брокер <sup>9</sup>	Дилер <sup>10</sup>	Номиналды ұстаушы <sup>11</sup>			

Басшы  
(ол болмаған кезде - оның орнындағы адам)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы \_\_\_\_\_ (лауазымы, тегі және аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған (жасалған) күні 20\_\_ «\_\_» \_\_\_\_\_

Мөр орны

Ескерту:

<sup>1</sup> Мәміленің (егер мәміле брокердің қатысуынсыз жасалған жағдайда номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде операция жүргізу) жасалған күні күні/айы/жылы форматында көрсетіледі.

<sup>2</sup> Қаржы құралына берілген сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

<sup>3</sup> Қаржы құралдарымен мәмілелер жасалған эмитенттің атауы көрсетіледі.

<sup>4</sup> Сол арқылы мәміле жасалған қаржы құралдардың саны (тіркелген операция) көрсетіледі. Ұйым екі тараптан (бір мезгілде сатушы және сатып алушы ретінде) мәмілеге қатысқан жағдайда, көрсетілген мәміле осы есепте бір мәміле (операция) түрінде көрінеді.

<sup>5</sup> Мәміленің бағасы үтірден кейін төрт белгіге дейін (теңгемен) көрсетіледі.

Шетел валютасында мәміле жасалған жағдайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мәмілені жасаған күні белгілеген ресми бағамы бойынша теңгемен бағасы көрсетіледі. Мәміле бойынша есептесу мәміле жасалған күнде жүзеге асырылмаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептесуді жүзеге асырған күні белгілеген ресми бағамы бойынша теңгемен мәміленің бағасын көрсету қажет.

<sup>6</sup> Мәміленің көлемі үтірден кейін екі белгіге дейін (теңгемен) көрсетіледі.

<sup>7</sup> Солардың есебінен және мүддесімен мәміле жасалған Ұйымның клиенттерінің кодтары, сондай-ақ номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде операцияны тіркеген жағдайда клиенттердің кодтары көрсетіледі. Ұйым өз есебінен және өз мүддесімен мәмілелер жасаған жағдайда, осы бағандарда аталған Ұйымның коды көрсетіледі.

Бағалы қағаздарды сатушылар мен сатып алушылардың кодтары:

№	Клиент	Бес таңбалы код
1	Заңды тұлға (Қазақстан Республикасының резиденті)	JURRZ
2	Жеке тұлға (Қазақстан Республикасының резиденті)	FIZRZ
3	Заңды тұлға (резидент емес)	JURNN
4	Жеке тұлға (резидент емес)	FIZNN
5	Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым/жинақтаушы зейнетақы қоры (зейнетақы активтері)	PFDPА
6	Жинақтаушы зейнетақы қоры (меншікті активтер)	PFDOA
7	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі	STBNK
8	Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымы	INSOR
9	Инвестициялық қор	INVFD
10	Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым - меншікті активтер (зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымды, жинақтаушы зейнетақы қорын, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкіні қоспағанда)	Сауда-саттықты ұйымдастырушы берген бес мәндік код

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорлары және бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар, зейнетақы активтер есебінен мәмілелерді жасаған кезде осы бағанды толтырмайды.

<sup>8</sup> Егер Ұйым осы эмитенттің бағалы қағаздары бойынша андеррайтері болған жағдайда «А» белгісі пайдаланылады.

<sup>9</sup> Егер Ұйым брокер ретінде болған жағдайда «В» белгісі пайдаланылады.

Егер Ұйым дилер ретінде болған жағдайда «D» белгісі пайдаланылады.

<sup>11</sup> Егер Ұйым номиналды ұстаушы ретінде болып табылған жағдайда «ND» белгісі пайдаланылады.

<sup>12</sup> Мынадай символдар пайдаланылады:

«1» - бағалы қағаздардың бастапқы орналастыру;

«2» - бағалы қағаздардың қайталама айналысқа жіберу.

<sup>13</sup> Ұйым дилерлік қызметінің шеңберінде мәміле жасаған кезде, сондай-ақ зейнетақы активтерін (меншікті және зейнетақы активтері есебінен) инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қоры, зейнетақы активтерін (меншікті және зейнетақы активтері есебінен) инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым немесе бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар инвестициялық қордың басқарушы компаниясы мәміле жасаған жағдайда инвестициялық комитеттің мәміле жасалғаны жөніндегі қабылдаған инвестициялық шешімінің нөмірі және күні көрсетіледі.

Номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде операцияны тіркеген жағдайда бұйрықты тіркеген нөмірі, күні және уақыты көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған (тіркелген) қаржы құралдарымен мәмілелер (операциялар) туралы есепте көрсетілген қаржы құралдарымен мәмілелер (операциялар) Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдармен жасалған мәмілелер туралы есепте көрсетілмейді.

Қазақстан Республикасының ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған (тіркелген) қаржы құралдарын мәмілелер (операциялар) туралы есепте Ұйым брокер және (немесе) дилер ретінде болып табылған ұйымдастырылмаған нарығында Ұйым қаржы құралдарымен жасаған мәмілелер (операциялар), сондай-ақ Ұйым номиналды ұстаушы ретінде болған операциялар көрсетіледі. Ұйымның номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде операцияларды тіркеген кезде Қазақстан Республикасының ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған (тіркелген) қаржы құралдарымен мәмілелер (операциялар) туралы есепте меншік құқығын бағалы қағаздарға ауыстыруына (бағалы қағаздарды өтеу және айырбастауды қоспағанда) әкеп соққан операциялар көрсетіледі.

Нысан

\_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейінгі кезеңде  
**(Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымның атауы) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған қаржы құралдарымен орындалмаған мәмілелер (операциялар) туралы есеп**

№	Клиенттік тапсырысы (бұйрығы) тіркелген нөмірі, күні және уақыты	Қаржы құралының түрі	Қаржы құралының сәйкестендіру нөмірі	Мәміле (операция) типі	Қаржы құралының саны	Бір қаржы құралының бағасы (теңге)

*кестенің жалғасы*

Кім ретінде қатысқан	Клиент	Қарсы агент	Орындамаған себептері	Орналастыру	Ескерту

Басшы  
(ол болмаған кезде - оның орнындағы адам)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы \_\_\_\_\_  
(лауазымы, тегі және аты) (қолы) (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған (жасалған) күні 20\_\_ «\_\_» \_\_\_\_\_

Мөр орны

Кестені толтыру бойынша түсіндірмелер

- Символдық белгілер латын әліпбиінің жазбаша (бас) әріптерімен көрсетіледі.
- «Клиенттік тапсырысы тіркелген нөмірі, күні және уақыты» деген бағанын толтырғанда, зейнетақы активтерін (меншікті және зейнетақы активтері есебінен) инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қоры, зейнетақы активтерін (меншікті және зейнетақы активтері есебінен) инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым немесе бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар инвестициялық қордың басқарушы компаниясы (меншікті және зейнетақы активтері есебінен) брокерлік қызмет аясында мәміле жасасқан жағдайда, инвестициялық комитеттің мәміле жасалғаны жөніндегі қабылдаған инвестициялық шешімінің нөмірі мен күні көрсетіледі.  
Номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде операцияны тіркеген жағдайда бұйрықты тіркеген нөмірі, күні және уақыты көрсетіледі.
- «Мәміле (операция) типі» деген бағанын толтырғанда мынадай символдар пайдаланылады:  
«B» - сатып алу (есепке жазу);  
«S» - сату (есептен шығару).
- «Кім ретінде қатысты» деген бағанын толтырғанда мынадай символдар пайдаланылады:  
«B» - брокер;  
«D» - дилер;  
